

Қырғызстан халқына гуманитарлық көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 сәуірдегі N 385 Қаулысы

Қырғызстан халқына гуманитарлық азық-түліктік көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне астықтың құнын және гуманитарлық жүкті Бішкек станциясына дейін жеткізу жөніндегі шығындарды өтеуге 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 17930668 (он жеті миллион тоғыз жүз отыз мың алты жүз алпыс сегіз) теңге бөлсін.

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамы гуманитарлық жүкті жеткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, Қырғызстан халқына гуманитарлық көмек көрсету үшін 1000 (бір мың) тонна азық-түліктік бидайды мемлекеттік сатылатын ресурстардан бір тоннасын 13320 (он үш мың үш жүз жиырма) теңге баға бойынша тиеп жөнелтуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, Қырғызстанға гуманитарлық жүкті тасымалдау үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі гуманитарлық көмекті алушыны анықтасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі